

**«Адам анатомиясы» (авторлары: Б.Ш.Шакенов, Н.С.Ахмад,
Т.М.Досаев, Л.А.Искакова) оқулығына**

П І К І Р

С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ КЕАҚ «С.Р.Қарынбаев атындағы калыпты анатомия» кафедрасының қызметкерлері дайындаған «Адам анатомиясы» оқулығы денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарына, сонымен қатар медициналық жоғары оқу орындарының Жалпы медицина және Педиатрия мамандықтары бойынша оқитын студенттеріне арналған білім бағдарламасына толық сәйкес құрастырылған.

Оқулықтың өзектілігі күмән туғызбайды, себебі анатомия пәні ғылыми медициналық дүниетанымның негізін қалайды, медицинаның іргетасы болып табылады, адам организмінің қызметін және оның сыртқы ортамен байланысын танып білудің негізінде жатады.

«Адам анатомиясы» оқулығы классикалық қағида бойынша құрастырылған, медициналық жоғарғы оқу орындарына арналған «Адам анатомиясы» пәнінің барлық бөлімдерін қамтиды.

Оқулықтың мазмұны медициналық жоғары оқу орындарының адам анатомиясы бағдарламасына толық сәйкес келеді. Оқулық кіріспеден, тірек-қимыл аппаратынан, соның ішінде остеология, артросиндесмология және миология тарауларынан; ішкі ағзалар бөлімінен, соның ішінде ас қорыту, тыныс алу және несеп-жыныс аппаратынан; сонымен қатар жүрек-тамыр жүйесінен, қан өндіру және иммундық жүйеден, нерв жүйесінен, сезім ағзалары және эндокриндік жүйеден тұрады. Кіріспе бөлімде осы оқулықты шығарудың өзектілігі, яғни қазақ тілінде жазылған басқа оқулықтардағы материалдар көлемінің аздығы, олардың баспадан шығу уақытының ескіргендігі және қазақша анатомиялық терминологиясының нақты еместігі туралы жазылған. Бөлімдердің барлық тақырыптары бойынша материал толық тереңдетіп жазылған, сондықтан бұл оқулық тек студенттерге ғана емес, медициналық жоғарғы оқу орындарының оқытушылары мен әртүрлі мамандықтағы дәрігерлерге де қажет болады.

Оқулықтың атап өтетін ерекшелігі, анатомия пәнінің күрделілігіне қарамастан түсінікті жазылған, сондықтан жеңіл қабылданады. Бұл авторлардың осы салада көптеген жыл еңбек ету барысында адам денесінің құрылымын зерттеуде жинаған тәжірибелерінің айғағы болып табылады. Кітап М.Р. Сапинның «Анатомия человека», Мәскеу, 2001ж. оқулығынан алынған суреттермен иллюстрацияланған, бұл материалды түсінуді айтарлықтай жеңілдетеді. Анатомиялық терминдер, Халықаралық анатомиялық номенклатурадағы (*Terminologia Anatomica*, New York, 1998; Международная анатомическая терминология, Москва, 2003) латын және орыс тілдерінде берілген терминдердің ресми тізімінің, қазақ тіліндегі баламалары болып табылатын, академик А.Р.Рақышевтың «Адам

анатомиясындағы халықаралық атау – терминдер» (2011ж.) деп аталатын еңбегіндегі терминдер негізінде берілген. Сонымен қатар біраз термин-атаулар А.Р.Рақышевтың «Адам анатомиясының атласынан» (Алматы, 2006 ж.) алынғаны атап көрсетілген. Әдебиеттер тізімінде пайдаланылған және қосымша көп дереккөздер берілген, бұл ұсынылып отырған материалдың ғылым мен практиканың заманауи жетістіктерін де қамтығанын көрсетеді.

Сонымен, тіліміз мемлекеттік тілге айналған уақытта, студенттердің осындай оқулықтарды асыға күтетінін ескере отырып, С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ КЕАҚ «С.Р.Қарынбаев атындағы калыпты анатомия» кафедрасының қызметкерлері дайындаған, «Адам анатомиясы» оқулығы білім беру үдерісіне қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді және баспадан шығаруға ұсынуға болады.

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық Университеті,
Медицина және денсаулық сақтау факультеті,
Клиникалық пәндер кафедрасының профессоры,
медицина ғылымдарының докторы**



Ы.А. Алмабаев

